

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№57

2021 жылғы 11 тамыз

Облыстық мәслихаттың 2020 жылғы 5 маусымдағы №538 «Ақтөбе облысы бойынша Тексеру комиссиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 49-бабының 1-тармағына, «Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі кадр саясатының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы N828 Жарлығына, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №12514 тіркелген, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің 2015 жылғы 28 қарашадағы №11-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген, Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиялары туралы Үлгілік ережеге сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Облыстық мәслихаттың 2020 жылғы 5 маусымдағы №538 ««Ақтөбе облысы бойынша Тексеру комиссиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

«Ақтөбе облысы бойынша Тексеру комиссиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесінде:

22-тармақтың 19) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«19) облыстық мәслихат хатшысымен келісім бойынша:

Өзі болмаған жағдайда, тексеру комиссиясы төрағасының міндетін қолданыстағы заңнамаға сәйкес Тексеру комиссиясы мүшелерінің біріне жүктейді;

Тексеру комиссиясының төрағасы мен мүшелерін іс сапарға жіберу, демалыс беру, көтермелеу және сыйақы беру жөніндегі бұйрықтарды қабылдайды».

мынадай мазмұндағы 24-1-тармақпен толықтырылсын:

«24-1. Облыстық мәслихаттың хатшысы Тексеру комиссиясының төрағасы мен мүшелерін мемлекеттік және өзге де ведомстволық наградаларға наградтауға ұсыну енгізеді.».

2. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

А. НУГМАНОВ